

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

3 Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері: Оқу құралы. – Алматы, Экономик' С, 2013.-360б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ

Нокербек Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: nokerbeknurlan@gmail.com

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жамиева А.Е.

Қазақстанның заманауи зейнетақы жүйесі ҚР Үкіметі еліміздегі зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі тұжырымдамасын мақұлдап және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы қабылданған 1997 жылдан бастап өз жұмысын бастады. Жаңа ереже ынтымақтастықты жүйеден ақырындап бас тарта отырып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізін құруға жасалды.

Өткен жүз жылдық соңында зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері ерекше шиеленіс жағдайларында болды. Оған себеп бір жағынан нарықтық экономика механизміне өту болса, екінші жағынан - өткен жүз жылдықтың 90 жылдарындағы Қазақстанға тән әлеуметтік-демографиялық фактор болды.

Өрекет еткен ынтымақтастықты зейнетақы жүйесінің шарттарында инфляцияның жоғарғы өсу қарқыны және халық арасындағы жұмыссыздық, ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) көлемінің төмендеуі, бюджеттік тапшылық зейнетақы төлемі жөніндегі қарыздардың пайда болуы мен ұлғаюына себеп болды және тіпті әлеуметтік кепілдіктің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету мүмкін болмады. Сайып келгенде, халықтың ынтымақтастығына негізделген зейнетақымен қамсыздандырудың таратушы жүйесінің айқын тұрақсыздығы қалыптасты. Қажетті зейнетақы шығыстарын жеткілікті қаржыландырылмауымен байланысты мәселелерге демографиялық мәселелер қабаттасты. Осылардың біркатары қазақстандықтардың орта өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы фонында халықтың жас құрылымы формасының өзгеруімен және туылудың азаюының нәтижесінде халықтың картаю үрдісінің жеделдеуімен байланысты болды.

Жұмыссыздар деңгейінің өсуі және бейресми және толық емес жұмыспен қамтылу еңбек нарығына келеңсіз ілгеру басушылыққа алып келді, осылардың салдарынан жарналары ынтымақтастықты зейнетақы жүйесінің қаржылық көзі болған халықтың бір бөлігі міндетті зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінен шығуына алып келді. Халықтың жұмыс істейтініне болжанған өсуді төмендету және зейнетақы жүктемесін шамадан тыс күшейту, жұмыскер және зейнеткер ретінде өмір сүру деңгейінің нашарлауын ескерту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің болашақта зейнетақы төлемдерін үздіксіз қамтамасыз ету

мақсатында, осы толғағы жеткен мәселелерді шешудің баламалы жолы ретінде зейнетақы жүйесін реформалау жүргізілді.

Зейнетақы реформасының негізі болып чилилік үлгі қабылданды. Чилидегі зейнетақы жүйесі таратып тұратын механизмді ұстамайды және қызметкердің жеке шотына қаражатты толықтай жинақтауға және жарналарды капиталдандырып отыруға негізделген. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне енуші әрбір адам дербес шот алып, онда оның зейнетақы жарналары аккумуляцияланып, оның мөлшері анықталып белгіленеді. Бұл қаражаттар жеке зейнетақы қорларында жиналып, салымшылар зейнетақы жасына жеткенше олар зейнет төлемдерінің көздеріне айналады. Чилилік жүйе негізінен басқа қазақстандық үлгі өзіндік ерекшелігін және басқа елдердің тәжірибесін бейімдеп қабылдады, сол себепті әлемдік тәжірибедегі ең табыстылардың бірі болып саналады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуының перспективалары және оның бағалы қағаздар нарығына әсері зейнетақы активтерінің және инвестицияланатын қаражаттар көлемінің сәйкесті өсуімен байланысты. Сәйкесінше, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барынша маңызды мәселелері болып келесілері табылады:

- 1) ұлттық қор нарығының дамымауы, яғни, активтерді инвестициялау үшін құралдар тапшылығы;
- 2) қызметтің негізгі қағидалары бойынша тұрғындардың сауатсыздығы және мағлұматсыздығы;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметімен тұрғындардың толық қамтылмауы;
- 4) ерікті және кәсіби зейнетақы жарналарының кеңінен қолданылмауы;
- 5) қоржынның нашар диверсификациясы және аффилировандық тұлғалармен мәмілелер;
- б) отандық сақтандырудың дамымаған класстарының бірі – зейнетақылық аннуитеттер.

Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорының жағдайы мен олардың болашағы мәселесіне қатысты мынадай қорытындылар жасауға болады.

Зейнеткерлік жастағы тұрғындарды жоғары әлеуметтік деңгеймен қамтамасыз ету бүгінгі таңдағы әлемдегі әрбір елдің алдында тұрған маңызды мәселе болып отыр. Осының салдарынан көптеген елдер өздерінің зейнетақы жүйесін қайта қалыптастыру шараларын қолға алуда. Бірқатар елдерде түбегейлі өзгерістер жүргізу қолға алынуда. Қартаң адамдарды жеткілікті өмірмен қамтамасыз етудің бірдей үлгісі жоқ. Әрбір ел зейнетақы жүйесінің өзіндік үлгілерін ұсынуда. Зейнетақымен қамтамасыз етудің диверсификациясы, көп деңгейлі зейнетақы жүйесін құру күрделі жағдайдан шығудың қолайлы жолы ретінде қарастырылады.

Зейнетақымен қамтамасыз етуді қайта құру жолдарын таңдауда әлемдік тәжірибелерді қарастыру Қазақстандағы сондай өзгерістер үрдісінде пайда болған мәселелерді тереңірек танып білуге, қажетті қорытындылар жасап, зейнетақыдағы өзгерістердің орталық буынын талқылауға, соның ішінде

зейнетақы жүйесі мен капиталдардың ішкі нарықтарымен өзара байланысын зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының зейнетақылық жүйесінде 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңды қабылдауының нәтижесінде біршама өзгерістер орын алды. Бұл заң зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік толыққанды жүйесінен — белгіленген міндетті жарналармен және ерікті қосымша жарналармен байланысты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп өтуді бекітті.

Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері: зейнетақы жарналары, инвестициялық кіріс, өсімпұл және жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақыларын шегеріп тастағандағы залалдарды өтеу ретінде түскен қаражат есебінен қалыптасады.

Ал, бүгінде қаржы нарығында зейнетақы жүйесінің үш негізгі кәсіби қатысушысы бар: жинақтаушы зейнетақы қоры, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару ұйымдары және банк-кастодиан. Олар өзара тығыз байланыста қызмет көрсетеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфельдеріндегі сенімді және төмен кірістілікті қаржы құралдарының ұлғаю салдарынан сәйкесінше 2012 жылы ЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша номиналдық кірістің орташа алынған коэффициенттерінің төмендеуі байқалады. Оның үстіне, суреттен байқанымыздай, ЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі сәйкес кезеңдегі инфляцияны жаппайды. Бұл деген ЖЗҚ-ының қаржы нарығында тек тәуекелі төмен, осымен сәйкес табыстылығы да төмен қаржы құралдарымен жұмыс жүргізіп отырғандығын білдіреді. Дағдарыстан кейінгі кезеңнің айрықша белгілерінің бірі зейнетақы секторының анықталған мәселелерін жою қажеттілігі, жіберілген қателерді түзету және тұрақты әртараптандырылған өсуді қамтамасыз ету болып табылады. Егемен Қазақстанның қазіргі заманғы, тұрақты және бәсекеге қабілетті жинақтаушы зейнетақы қоры жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Елдегі макроэкономикалық тұрақтылыққа әлеуметтік, қаржы-несие және несие саясатын реформалау арқылы қол жеткізіліп отыр. Дегенмен, соңғы кезде экономикалық дамудағы қол жеткен жоғары көрсеткіштерге қарамастан, мемлекеттің алдында шешімін таппаған бірқатар маңызды міндеттер тұр. Соның бірі жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіру болып табылады. Жүргізілген талдаулар нәтижесі бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудағы басты мәселелерге мыналарды жатқызуға болады: қартайған кезде зейнетақы төлемдерінің лайықты деңгейін қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтары көлемінің жеткіліксіз болуы; жинақтаушы зейнетақы қор қызметтерімен халықтың жеткіліксіз қамтылуы; халықтың қаржылық сауаттылығы мен инвестициялық мәдениетінің төмен деңгейлігі; ерікті жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытуға жеткілікті маңыз берілмеуі және осы

уақытта сенімді әрі өтімді бағалы қағаздар тапшылық жағдайында зейнетақы жинақ ақшаларын тиімді инвестициялау жүргізілмеуі.

Сонымен, зейнетақы қорының қызметін жетілдіру барысында бүгінгі таңда келесідей шаралар жүргізілуі тиіс: отандық зейнетақы қорының қызмет көрсету сапасын жақсарту және тәуекелдерді басқару құрылымын жетілдіру; зейнетақы жүйесінің сенімді институционалды инфрақұрылымын құру; зейнетақы қорының және зейнетақы активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциалдық реттеуін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру; жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне қашықтықтан қадағалауды жетілдіру және оның айқындылығы дәрежесін арттыру; ішкі инвестиция нарығын және ұсынылатын қаржылық құралдардың спектерін ұлғайту, өндірістік қаржы құралдар нарығын дамыту; халықты зейнеткерлік жасына жеткеннен кейін зейнетақымен қамсыздандырылуының неғұрлым тиімді және әділ жүйесін қамтамасыз ету; ел тұрғындарының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенімділігін арттыру; халықтың қаржылық сауаттылығын, сонымен қатар инвестициялық мәдениетін көтеру.

Зейнетақы қорының инвестициялық портфельдерінің сапасын қолдау мақсатында келесідей іс-шаралар атқарылуы тиіс: ақпарат берудің жеделдігі мен толықтығын арттыру; салымшыларға арналған зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігі көрсеткіштерінің жүйесін жетілдіру; активтерді әртараптандырумен ерекшеленетін түрлі зейнетақы жоспарларын енгізуге арналған іс-шаралар кешенін әзірлеу; әрбір қалыптасатын инвестициялық портфельге қатысты номиналдық кірістілікті және шартты бірліктің есептеуді, инвестициялық декларацияларды қалыптастыру бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының міндетін белгілеу туралы мәселені қарау; жинақтаушы зейнетақы қорының консервативті, қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдерді құрайтын зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі мен оларға қойылатын талаптар нақтылау; жинақтаушы зейнетақы қорының консервативті және қалыпты инвестициялық портфельдеріне қатысты зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициентінің шартты бірлігін есептеу әдістемесін енгізуді көздейтін, сондай-ақ агрессивті инвестициялық портфельге қатысты жаңа пруденциалдық нормативін енгізу; әрбір жеке инвестициялық портфельге қатысты зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігін есептеу бойынша талаптарды белгілеу; жинақтаушы зейнетақы қорларын тәуекел-бағдарлы қадағалауды әзірлеу және енгізу; жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін қадағалауды жүзеге асыру барысында шұғыл ықпал етуді жүзеге асыру.

Зейнетақы жүйесінің бұдан әрі бүтіндей қызмет етуі мынадай маңызды әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге қолғабысын тигізетін болады: зейнеткерлік жасындағы азаматтардың әлеуметтік қамсыздануы жөніндегі міндеттемелер; салымшылардың еңбек қызметтері ішінде олардың еңбек жалақысын, зейнетақы жарналарын төлеудің ұзақтығын және зейнетақы жинақ ақшаны инвестициялаудың тиімділігін есептей отырып, олар зейнет жасына жеткеннен кейін зейнетақымен қамсыздандырылуының неғұрлым тиімді және әділ жүйесін қамтамасыз ету; қарттарды кедейшіліктен қорғау;

зейнеткерлікке шыққаннан кейін кепілдендірілген табыспен қамтамасыз ету; инфляция немесе басқа да факторлардың нәтижесінде нақты өмір сүру деңгейінің төмендеуінен тағайындалған табысты қорғау; демографиялық факторлардан, елдің экономикасындағы саяси және экономикалық жағдайлардан салыстырмалы түрде еріктілігін қамтамасыз ету.

Әдебиет:

1. Смағұлова Р.О, Мәдіханова Қ.Ә., Ә.Қ. Тұсаева Ә.Қ., Ж.Ш. Сатыбалдиева Ж.Ш. Қаржы, ақша айналысы және несие: Оқу құралы – Алматы: «Экономика» баспасы 2008 ж. – 462б
2. Блеутаева К. Б. Ақша және банктер. Оқу құралы. Екінші басылым. Өңделіп толықтырылған – Алматы. 2007 ж. – 272б
3. Сейтқасымов Ғ.С. Банк ісі: Оқулық – Астана: ҚазЭҚХСУ:БПО, 2009 - 586б
4. Евсюков В. В., Кочетыгов А. А., Тружнев Д.Н. Комплексный подход к формированию кредитного портфеля банка : Банковское дело - 2008. № 7. С. 45-48.

ФОРМИРОВАНИЕ ФИНАНСОВОГО РЫНКА: СОСТОЯНИЕ, ВОЗМОЖНОСТИ, ПРОБЛЕМЫ

Омарова Ф.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: fari_1997@list.ru

Научный руководитель: ст.преподаватель Жамиева А.Е.

На данный момент, важной задачей Республики Казахстан является формирование устойчивой финансовой системы в условиях рыночной экономики и выход на мировой рынок, а также развитие и совершенствование финансового сектора. Как известно, состояние развития финансового сектора оказывает значительное влияние на уровень экономического роста страны. И финансовый рынок является своеобразным генератором множества показателей, по которым можно произвести оценку состояния экономики в целом. Финансовый рынок является одним из важнейших элементов любой экономики, поскольку он позволяет мобилизовать временно свободные средства и эффективно распределить их между теми, кто в них нуждается, тем самым, способствуя деятельности экономических агентов и развитию экономики в целом. Поэтому развитие финансового рынка особенно актуально для такой страны, как Республика Казахстан.

Финансовый рынок – это рынок, на котором в качестве товара выступают финансовые ресурсы. Цель финансового рынка – обеспечение эффективной аккумуляции денежных средств и их реализации структурам, нуждающимся в финансовых ресурсах. Финансовые рынки и его профессиональные участники выполняют функции перелива временно свободных денежных средств и